



Волейболдан
жарыс өтті
2-бет



Мемлекеттік шекараны бірлесіп
қорғау
5-бет



Шығыс
Қазақстан-
дықтар атақты
100-атқыштар
бригадасы
құрамында
8-бет

Аудан ТЫНЫСЫ

2010 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№ 05 (514) ЖҰМА, 16 қаңтар 2015 жыл

АЛМАТЫДА ДӘСТҮРЛІ БА- УЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ОҚУЛАРЫ ӨТТІ

Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында «Бауыржан Момышұлының рухани-адамгершілік және әскери мұрасы» атты І республикалық Б.Момышұлы оқулары өтті. Байқау «Батырдың биік тұлғасы» – мәнерлеп оқу, «Алаштың айбыны – Бауржан Момышұлы» – викторина, «Ерлік – тәрбие жемісі» – жас дарындар номинациялары бойынша өткізілді.

І республикалық сайыстың қорытындысына сәйкес



«Батырдың биік тұлғасы» – соғыс туралы шығармаларын жатқа оқу номинациясында облыстық әскери мектеп-интернатының 9-сынып оқушысы Ғалымжан Нұрби І орынды иеленсе, «Алаштың айбыны – Бауыржан Момышұлы» атты білгірлер номинациясында Ы.Алтынсарин атындағы облыстық қазақ гимназия-интернатының 10-сынып оқушысы Ақылбек Нұрсұлтан ІІ орынды еншіледі. «Ерлік – тәрбие жемісі» номинациясында Б.Момышұлы атындағы медальмен Павлодар қаласы «Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты» кешенінің 9-сынып оқушысы Алмаз Айкенов марапатталды.

ЭКОНОМИКАҒА ЗИЯН КЕЛТІРЕТІН ТАУАРЛАРҒА ШЕКТЕУ ЕНГІЗІЛУІ МҮМКІН

Қазақстан Республикасы мен отандық кәсіпорындар үшін экономикалық тұрғыдан зиян келтіріп отырған тауарларға қатысты сауда шектеулері енгізілуі мүмкін. Яғни, бұл сырттан тауар әкелуді шектеу, импортқа тыйым салу, импортты лицензиялау секілді процестермен көрініс табады. Мұндай мәлімет бүгін Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма мүшелерінің қатысуымен өткен брифинг барысында айтылды.

- ЕАЭО туралы шарттың 29 бабы 6 тармағында көрсетілген, экономикалық қауіпсіздікті қамтамсыз ету негізінде тауарлардың жекелеген санатының айналымына шектеу қойылуы мүмкін. Мемлекеттік деңгейде қауіпсіздік түсінігі, оның ішінде "экономикалық қауіпсіздік" түсінігі "Ұлттық қауіпсіздік туралы" ҚР Заңымен анықталған. Бұл ретте мемлекеттің тұрақты дамуы мен экономикалық тәуелсіздігі қамтамсыз етіледі. ҚР ҰКП аталған шараларды өңдеу индустриясында, машина жасау, тамақ өнеркәсібінде және тағы басқа салалар бойынша қолданады, - дейді басқарма төрағасы Абылай Мырзахметов.

Сондай-ақ, ҰКП өңдеу секторының кәсіпорындарын: ең алдымен ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібімен айналысатын кәсіпорындарды арнайы субсидиялауды жүзеге асыруды ұсынып отыр. Отандық экономиканың импортқа тәуелділігін төмендету үшін қолданыстағы өнеркәсіпті дамытудың мемлекеттік бағдарламалары аясында кешенді жоспарды енгізуді маңызды деп санайды.

БАҚ беттерінен

ОТБАСЫЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕР – БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

Жаңа жыл – Қазақстан халқы үшін аса маңызды мерекелердің бірі болып табылады. Бұл мереке кезінде әр адам келер күндерге үмітпен қарап,

алдан ғажайып құбылыс, жағымды жаңалық, ерекше сыйлық күтетіні белгілі. Бұл – ересектерге де тән. Оны, тіпті, бесіктегі баладан еңкейген қартқа дейінгі әрбір жанның «қанына сіңген қасиет» десе де болады. Сондықтан да

«Жаңа жылды ерекше көңіл-күймен салтанатты түрде қарсы алу керек. Сонда жыл бойы жарқын өмір кешесің» деген сенім қалыптасқан. Тамыры ғасырлар қойнауына еніп жатқан бұл нанымның үрдісі үзілмей, бүгінгі күні де өмір сүріп келе жатқанына куә болып келеміз. Осындай ниеттің әсерінен Жаңа жыл қарсаңында үйді-үйде шыршалар тігіліп, олар безендіріліп, көшелер әсемделіп, ғимараттар сәнделіп, жаппай қарбаластың басталатыны рас. «Тойдың болғанынан, боладысы қызық» дегендей, осы қауырт шақтың өзіндік қауанышы мен шаттығы, ләззаты болады. Бұның адал ниет, ізгі пейілден туындайтын басқа да себептері бар. «Жарқырап тұрған шыршамды немесе үйімді Аяз ата адаспай тапсын» деген пиғылдың да қылтиятыны шындық. Қайткенмен де ғажайыпқа иланғыш, кереметке сенгіш пендеміз ғой бәріміз...

Жаңа жыл мерекесі ерекше аталып өтілетін елдерде шыршаны безендіруге, үйдің іші-сыртын әсемдеуге,

тіпті Жаңа жыл кешіне киетін киімдерді дайындауға да асқан талғампаздықпен қарайды. Бұл елдерде үйдің сыртын безендіруге байқау жарияланып та жатады. Жаңа жыл келген соң сол байқаулардың қорытындылары



шығарылып, жеңімпаз үй иелері ақшалай немесе заттай сыйлықтар алып жатады. Бұл бір жағынан дұрыс та. Адамдар арасында мерекелік көңіл-күй қалыптастыру, жаңа жылды шат-шадыман ауанда қарсы алу, адамдардың шығармашылығын ынталандыру үшін бұндай шаралардың септігі көп қой, әрине.

(жалғасы 8-ші бетте)

2015 ЖЫЛДЫҢ МЕРЕЙТОЙЛАРЫНА АРНАЛҒАН КӨРМЕ АШЫЛДЫ

ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында «Нұрлы жол» - болашақтың жыры бол!» атты көрме ашылды, деп хабарлайды BAQ.KZ тілшісі.

Аталған көрме Қазақ хандығының 550 жылдығына, Ұлы Жеңістің 70 жылдығына, ҚР Конституциясының 20 жылдығына және Қазақстан халқы Ассамблеясы жылына арналып отыр.

Көрменің бірінші бөлімінде ел тарихына қатысты



мәліметтер топтастырылған. Бөлім «Қазақ хандығына 550 жыл» аталады. Осыған орай, тақырыптық көрмеде 180-нен астам кітап және мерзімді басылым материалдары ұсынылған. Екінші бөлім - «Ұлы Жеңіске 70 жыл». Аталған бөлімде әскери тақырыпқа қатысты кітаптардан бөлек, сұрапыл соғыстан сыр шертетін

құжаттық слайд-композициялар беріліп отыр. Сонымен қоса, 140 кітап пен 13 құжат ұсынылады. Бұлардан бөлек, «Қазақстан Республикасының Конституциясына 20 жыл» және «Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл» бөлімдерінде соңғы жылдары жарияланған баспа өнімдері, тың деректі материалдар қамтылып отыр.

Айта өтейік, 2015 жыл - Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы болып жарияланған. Осыған орай, көрменің ашылу



рәсімінде Қазақстан халқы Ассамблеясының ғылыми-сарапшылық кеңесі кітапхана қорына бірқатар кітаптарды тарту етті. Аталған шараға тыл және еңбек ардагерлері, елордалық зиялы қауым өкілдері, тарихшы-ғалымдар, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатысты.

Н. ЖОЛБАРЫС

БОРОДУЛИХА АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ
2014 ЖЫЛҒЫ 27 ҚАРАШАДАҒЫ №281
ҚАУЛЫСЫ

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылғы 18 желтоқсандағы №3581 тіркелген

Бородулиха ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5 және 7-баптарына сәйкес, Бородулиха ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Осы қаулының қосымшасына сәйкес Бородулиха ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарының Тізбесі белгіленсін.
- «Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының

**Бородулиха ауданы әкімдігінің
2014 жылғы 27 қарашадағы
№ _____ қаулысына қосымша**

Бородулиха ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарының тізбесі

- Табысы аз адамдар;
- жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
- балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
- кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызділікті, көп балалы ата - аналар;
- Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
- зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
- мүгедектер;
- Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;

ВОЛЕЙБОЛДАН ЖАРЫС ӨТТІ

Спорттың адам өмірінде алатын орны зор екендігін бәріміз білеміз. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болады. Біздің ата - бабаларымыз “тәні саудың – жаны сау” деп бекер айтпаған. Спорттың қай түрімен айналысу адамның қабілетіне байланысты болады.

Бұл туралы ұлы ойшыл Ибн Сина да өз шығармаларында айтқан. Ол сондай-ақ спортты мағынасына қарай жеңіл, ауыр, ұзын, қысқа сияқты бірнеше түрге бөлген. Денсаулық пен өмірді дамыту үшін кем дегенде спорттың 33 түрінен жаттығу жасау керектігін айтқан.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев өзінің “Қазақстан - 2030” стратегиялық бағдарламасында халықты салауатты өмір салтына ынталандыруды басым бағыттың бірі ретінде атап көрсетті. Расында да, бүгінгі таңда еліміздің ақсақалдарынан кішкентай баласына дейін дене тәрбиесіне ерекше мән беруде.

Жақында аудан орталығындағы БЖСМ кешенінде әйелдер мен ерлер арасында волейболдан жарыс өтті. Тартысты да қызықты өткен жарысқа Жезкент, Спартак (Новопокровка), Бородулиха командалары қатысты

Өткізілген жарыста бас жүлдені ерлер арасында Жезкент құрама командасы жеңіп алды, екінші орынды Бородулиха командасы, үшінші орынды Спартак (Новопокровка) командасы иеленді. Аталған жарыста В.Буднецкий «үздік байланыстырушы», М.Жүнісов «үздік шабуылдаушы», Г.Абдулғазимов «үздік қорғаушы», С.Сейсебаев

жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтарының жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу шараларын қарастырсын.

3. «Бородулиха ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы» Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 27 наурыздағы № 75 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3234 тіркелген, аудандық «Аудан тынысы» газетінің 2014 жылғы 4 наурыздағы № 18 (426), «Пульс района» газетінің 2014 жылғы 4 наурыздағы № 19 (6746)) жарияланған қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Бородулиха ауданы әкімінің орынбасары Р.А.Атаеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Г. АКУЛОВ

- бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;
- оралмандар;
- техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер;
- жұмыс беруші-занды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші - жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар;
- кылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар;
- терроризм актісінен жәбірленуші адамдар және оның жолын кесуге қатысқан адамдар кіреді;
- 50 жастан асқан әйел адамдар, 55 жастан асқан ер адамдар;
- нашақорлыққа тәуелді адамдар, АИТВ жұқтырған азаматтар, туберкулез ауруынан жазылғандар;
- ұзақ уақыт (1 жылдан артық) жұмыс істемеген адамдар;
- отбасында бір де бір жұмысшы жоқ адамдар;
- еңбек өтілі жоқ адамдар.



«тиімді ойыншы» номинацияларын иеленді. Ал, әйелдер арасында жарыс тартысты да қызықты болды. Спартак (Новопокровка) командасы мен Бородулиха командасы 2:1 есеппен жеңіс Бородулиха командасына шешілді. Ж..Мошчок, Г.Алинова, А.Хасанова, Т.Закиевалар жарыстың үздік ойыншылары атанды. Жарыстың ең жас қатысушысы Тоғжан Закиева Бородулиха қазақ орта мектебінің 5-сынып оқушысы. Кішкентай Тоғжанға - талабына нұр жаусын дейміз! Жарыс жеңімпаздарына кубок, грамота және бағалы сыйлықтар табысталды.

Бірінші байлық - денсаулық , денсаулық адамның ең қымбат дүниесі. Сондықтан, біз денсаулығымызды нығайту үшін спортпен айналысуымыз керек. Футбол ойнау да, шаңғы тебу де, гимнастикамен айналысу да т.б. спортпен айналысуға жатады. Тіпті, қар күреу, ағаш жару секілді үй шаруасын атқаруда да спортпен шұғылданғандай әсер аласың. Ал қыздардың үй сыпырып, терезе сүртіп ыдыс-аяқ жуғаны әрі анасына көмек, әрі денсаулығына пайдалы, осы кимыл қозғалыстың барлығы салауатты өмір салты үшін маңызды екенін көрсетеді.

***Спорт сенің серігің -
Жанға дауа, қолға қуш.
Сергітетін адамды -
Қимыл менен қозғалыс, -*** дегендей өзіміз үшін, келешек ұрпақ үшін спортпен айналысуды ұмытпайық ағайын!

Т.ҚАЛИБАЕВ

2015 ЖЫЛДЫҢ 14 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП 15 АҚПАНЫ АРАЛЫҒЫНДА БОРОДУЛИХА АУДАНЫ ӘКІМІ ЕСЕБІНІҢ КЕСТЕСІ

Өңір	27.01. сәйсенбі	28.01. сәрсенбі	29.01. бейсенбі	03.02. сәйсенбі	04.02. сәрсенбі	05.02. бейсенбі	06.02. жұма
Бородулиха ауданы Г.И. Акулов	10.00 Зубаир а/о ОМ, Зубаир ауылы	10.00 Балағаш а/о ОМ, Зенцовка ауылы	10.00 Пойборный а/о ОМ, Калашникова ауылы	10.00 Переменовка а/о ОМ, Переменовка ауылы	10.00 Андреевка а/о мәдениет үйі, Михайличенково ауылы	10.00 Таврия а/о ОМ, Буркотово ауылы	11.00 Бородулиха а/о мәдениет үйі, Бородулиха ауылы
	12.00 Петропаловка а/о ОМ, Петропаловка ауылы	12.00 Степной а/о ОМ, Шенюково ауылы	12.30 Бақса а/о ОМ, Коростени ауылы	12.00 Жезкент кенті №1 мектеп-лицей, Жезкент кенті	12.00 Новошұльба а/о мәдениет үйі, Новошұльба ауылы	12.00 Ленин а/о ОМ, Песчанка ауылы	
	15.30 Новопокровка а/о ОМ, Новопокровка ауылы	15.00 Дюгиревка а/о ауылдық клуб, Дюгиревка ауылы		15.30 Новопокровка а/о ОМ, Ивановка ауылы	15.30 Жерновка а/о ОМ, Жерновка ауылы	15.00 Красный Яр а/о клуб, Красный Яр ауылы	

2015 ЖЫЛДЫҢ 14 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП 15 АҚПАНЫ АРАЛЫҒЫНДА БОРОДУЛИХА АУДАНЫНЫҢ КЕНТТІК, АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІ ӘКІМДЕРІ ЕСЕБІНІҢ КЕСТЕСІ

Өңір, әкім	26.01. дүйсенбі	27.01. сәйсенбі	28.01. сәрсенбі	29.01. бейсенбі	30.01. жұма	02.02. дүйсенбі	03.02. сәйсенбі	04.02. сәрсенбі	05.02. бейсенбі	06.02. жұма
Петропаловка а/о Ш.Ө. Абдытов	10.00 Мешанка ауылтының бастауыш мектебі	12.00 Петропаловка ауылтының ОМ								
Балағаш а/о В.С.Журиш		10.00 41 жол айырым кеші, станса 11.00 Бет-Караер ауылтының ТОМ, Басовка ауылы 13.00 Балағаш ауылтының ОМ 15.00 Дюссекен ауылым кеші, станса	10.00 Зенцовка ауылының ОМ							
Таврия а/о Г.П.Пазарев								14.00 Сасновка ауылы ОМ	16.00 Буркотово ауылы ОМ	

Өңір, әкім	26.01. дүйсенбі	27.01. сәйсенбі	28.01. сәрсенбі	29.01. бейсенбі	30.01. жұма	02.02. дүйсенбі	03.02. сәйсенбі	04.02. сәрсенбі	05.02. бейсенбі	06.02. жұма
Новопокровка а/о А.К.Қалимбет						10.00 Березовка поселкесі клуб	15.30 Ивановка ауылы, Сасновка ауылы ОМ			
Новошұльба а/о К.К.Қарамолва							10.00 Пролетарка ауылы ОМ 11.00 Ключики ауылы дүкен 12.00 Солонювка ауылы клуб 14.00 Потаниноово ауылы Бұрынғы дүкеннің гипермарк	12.00 Новая Шұльба ауылы мәдениет үйі		
Степной а/о Г.Н.Михайличенко			12.00 Шашиново ауылы Троицкое ауылы Орловка ауылы ОМ							
Зубаир а/о О.С.Есенжолов	10.00 Байғанин ауылы БМ	18.00 Зубаир ауылы ОМ								
Өңір, әкім	26.01. дүйсенбі	27.01. сәйсенбі	28.01. сәрсенбі	29.01. бейсенбі	30.01. жұма	02.02. дүйсенбі	03.02. сәйсенбі	04.02. сәрсенбі	05.02. бейсенбі	06.02. жұма
Жерновка а/о В.С.Пошгунов							10.00 Бородулиха ауылы Пойт-Лог ауылы ТОМ	16.30 Жерновка ауылы ОМ		
Новопокровка а/о Т.М.Жабырқамалов	10.00 Сарығай ауылы мек. пункт 13.00 Карағайлы ауылы және мемлтік үй	15.30 Новопокровка ауылы ОМ								
Андреевка а/о Б.Т.Қулаков								10.00 Михайличенково ауылы Петропавровское ауылы мәдениет үйі		
Красный Яр а/о Л.М.Жұбанова								10.00 Усть-Фердинанд ОМ	15.00 Красный Яр ауылы клуб	
								12.00 Девятка ауылы ш.к. контораы 14.00 Речное ауылы дүкен		
Өңір, әкім	26.01. дүйсенбі	27.01. сәйсенбі	28.01. сәрсенбі	29.01. бейсенбі	30.01. жұма	02.02. дүйсенбі	03.02. сәйсенбі	04.02. сәрсенбі	05.02. бейсенбі	06.02. жұма
Бородулиха а/о К.К. Бичушинов				8.00 Зинаида ауылы ферма 11.00 Успенка ауылы Барыцковка ауылы Подлесное ауылы ТОМ	15.00 Бородулиха ауылы ОМ					

Аудан тынысы

3

№5 (514) 16 қаңтар 2015 жыл

Билік және халық

2015 ЖЫЛДЫҢ 14 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП 15 АҚПАНЫ АРАЛЫҒЫНДА БОРОДУЛИХА АУДАНЫНЫҢ КЕНТТІК, АУЫЛДЫҚ ОҚРУГТЕРІ ӘКІМДЕРІ ЕСЕБІНІҢ КЕСТЕСІ

Ленин а/о М.А.Нұрешев								12.00 Тарск Песчанка ауылы Александр ауылы Ново- Васильевск ауылы ОМ	12.00 Песчанка ауылы Мурзино ауылы ОМ	
Дмитриевка а/о Ж.О.Жолдыбаев		10.00 Бородав ауылы тұрғын үй	18.00 Дмитриевка ауылы ауылдық клуб							
Бакал а/о В.А.Чуваткин			10.00 Тарск ауылы тұрғын үй	12.00 Коростели ауылы ОМ						
Өңір, әкім	26.01. дүйсенбі	27.01. сейсенбі	28.01. сәрсенбі	29.01. бейсенбі	30.01 жұма	02.02 дүйсенбі	03.02 сейсенбі	04.02 сәрсенбі	05.02 бейсенбі	06.02 жұма
Подборный а/о К.С.Будулаев				16.00 Камышовка ауылы, Михайловка ауылы, Ручьевская ауылы ОМ						
Переменовка ауылдық округі						16.00 Орловка ауылы ТОМ	16.00 Переменовка ОМ			
А.Ж.Тұртыбаев						Ақроновка ауылы БМ				
Жезкент к/о Ш.Ө.Галиев							12.00 Жезкент кенті №1 мектеп лицей			

БОРОДУЛИХА АУДАНЫ БОЙЫНША ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ, АУДАН ӘКІМІНІҢ, КЕНТТІК ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ОҚРУГ-ТЕР ӘКІМДЕРІНІҢ ЕСЕП БЕРУЛЕРІНЕ ХАЛЫҚТЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ, ЕСКЕРТУЛЕРІ МЕН ПІКІРЛЕРІН ЖІНАУ ЖӘШІКТЕРІНІҢ ОРНАЛАСУЫ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ

№ р/с	Жәшіктің орналасқан орыны	Мекенжайы
1	Бородулиха ауданы Бородулиха ауылы Аудан әкімі аппаратының ғимараты	Бородулиха ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 69
2	Бородулиха ауылдық округі Бородулиха ауылы ауылдық округ әкімдігінің ғимараты	Бородулиха ауылы, Достық көшесі, 152
3	Жезкент кенттік округі Жезкент кенті кенттік округ әкімдігінің ғимараты	Жезкент кенті, Дружба көшесі, 1
4	Жерновка ауылдық округі Жерновка ауылы ауылдық округ әкімдігінің ғимараты	Жерновка ауылы, Киров көшесі, 3
5	Ленин ауылдық округі Песчанка ауылы ауылдық округ әкімдігінің ғимараты	Песчанка ауылы, Октябрь көшесі, 25
6	Белағаш ауылдық округі Белағаш ауылы ауылдық округ әкімдігінің ғимараты	Белағаш ауылы, Советская көшесі, 58
7	Красный Яр ауылдық округі Красный Яр ауылы ауылдық округ әкімдігінің ғимараты	Красный Яр ауылы, Ленин көшесі, 51
8	Подборный ауылдық округі Камышенка ауылы ауылдық округ әкімдігінің ғимараты	Камышенка ауылы, Мир көшесі, 40
9	Переменовка ауылдық округі Переменовка ауылы ауылдық округ әкімдігінің ғимараты	Переменовка ауылы, Советская көшесі, 2
10	Новодворовка ауылдық округі Ивановка ауылы ауылдық округ әкімдігінің ғимараты	Ивановка ауылы, Молодёжная көшесі, 58
11	Петропавловка ауылдық округі ауылдық округ әкімдігінің ғимараты	Петропавловка ауылы, Агиманов көшесі, 1
12	Андреевка ауылдық округі Михайличенково ауылы ауылдық округ әкімдігінің ғимараты	Михайличенково ауылы, Абай Құнанбаев көшесі, 32
13	Новопокровка ауылдық округі Новопокровка ауылы ауылдық округ әкімдігінің ғимараты	Новопокровка ауылы, Советская көшесі, 72
14	Зубаир ауылдық округі Зубаир ауылы ауылдық округ әкімдігінің ғимараты	Зубаир ауылы, Октябрьге 70 жыл көшесі, 32
15	Таврия ауылдық округі Буркотово ауылы ауылдық округ әкімдігінің ғимараты	Буркотово ауылы, Советская көшесі, 1
16	Новошульба ауылдық округі Новошульба ауылы ауылдық округ әкімдігінің ғимараты	Новошульба ауылы, Комаров көшесі, 30
17	Дмитриевка ауылдық округі Дмитриевка ауылы ауылдық округ әкімдігінің ғимараты	Дмитриевка ауылы, Гагарин көшесі, 42
18	Бақы ауылдық округі Коростели ауылы ауылдық округ әкімдігінің ғимараты	Коростели ауылы, Бақы көшесі, 8
19	Степной ауылдық округі Шелехово ауылы ауылдық округ әкімдігінің ғимараты	Шелехово ауылы, Школьная көшесі, 40

С. ЛАЗУРИН, Бородулиха ауданы әкімі аппаратының басшысы

БАҚЫ АУЫЛДЫҚ ОҚРУГІ ӘКІМІНІҢ 2014 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.А. Назарбаевтың «Жергілікті атқарушы органдардың халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» жарлығына сәйкес жыл сайын менің де есеп беруім өтеді. Аппараттың негізгі қызметі ауылдық округтің мүддесі мен қажеттілігін байланыстыра отырып, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын нығайту болып табылады. 2014 жылы Мемлекетіміздің негізгі жаңалығы болып табылған, өткен жылғы қызметімізде, біз сүйенген негізгі бағдарлама 2014 жылғы 17 қаңтардағы ҚР Президентінің «Қазақстан-2050: ортақ мақсат, ортақ мүдде, ортақ болашақ» атты Жолдауы болды.

Бақы ауылдық округінің жалпы жер көлемі 62449 га құрайды, оның ішінде, ауыл шаруашылық жері - 41546 га, басқадай жерлер – 14769 га, елді мекендер - 6134 га.

Бақы ауылдық округі аумағында 3 елді мекен орналасқан: Коростели ауылы, Ауыл стансасы, Тарск ауылы, тұрғындарының жалпы саны – 1370 адам. 2014 жыл бойынша округте 24 сәби дүниеге келді. Округтегі 505 ауланың 278 ауласында жеке мал шаруашылықтары бар. Тұрғындардың мал саны біртіндеп көбеюде. ІҚМ саны былтырғы жылы 1077 басты құраса 2014 жылы 1095 басты құрады, КҚМ былтыр 1712 бас құраса 2014 жылы 1788 басты құрайды, жылқы 515 бас. Округте мал шаруашылық өнімдері өндіріледі: ет – 763 ц., сүт – 1547 ц. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілер мен округ тұрғындары «Демалыс күндік» жәрмеңкелерге тұрақты түрде қатысады. Барлық ветеринарлық алдын алу жұмыстары жоспарға сәйкес өз уақытында өткізілуде. Округтің мал дәрігері «Нива» автокөлігімен қамтамасыз етілген. Округте ветеринарлық бекет ғимараты бар. Ауылдық округте «Коростелевское» ЖШС және 6 шаруа қожалығы бар. «Коростелевское» ЖШС ет шаруашылығы және өсімдік шаруашылығымен айналысады. Тұрақты 50 адам қызмет етеді. Өткен жылға қарағанда 2014 жылы егілген жердің көлемі 5250 га құрады. 2015 жылдың 1 қаңтарында ІҚМ басы 299 бас. 2015 жылы 15 млн. теңге тұратын 50 бас асыл тұқымды мал сатып алу жоспарлануда. Ағымдағы жылда округте «Қамқор жер» ЖШС, 2 шаруа қожалығы және 4 жұмыс орны ашылды. Бұл қожалықтар мал шаруашылығымен айналысады.

Округте 10 дүкен, 3 кафе, 1 ЖҚС бар. 2014 жылы салымы 1 млн. теңге құрайтын жаңадан 1 дүкен ашылды. Коростели ауылында дәріхана жұмыс істейді. Коростели – Аул – Семей, Коростели-Аул –Бородулиха ауылдарына қатынайтын жеке меншік автобус қызмет етеді.

Округте 2 мектеп орналасқан: Коростели орта мектебі, оқушылар саны-133 адам, қызметкерлер саны – 52 адам, Ауыл бастауыш мектебінде – 43 адам, мұғалімдер ұжымы – 6 адам, оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі. Коростели орта мектебінде «Балапан» арнайы бағдарламасын жүзеге асыру үшін шағын орталық ашылған, онда 50 бала оқытылады. 2014 жылы мектепке құны 2,5 млн. теңге тұратын жаңа автобус сатып алынды. Одан басқа балалар таситын 1 автобус қызмет көрсетеді.

Денсаулық сақтау саласында медико-санитарлық көмек көрсету ең негізгі мәселе болып табылады. Коростели ауылында ЖДА қызмет етеді, ал Ауыл стансасында ФАБ және Тарск ауылында

ФБ қызмет көрсетеді. Жедел жәрдем автокөлігі бар. Жыл сайын Ауыл стансасына, халыққа тегін диагностикалық тексерулер өткізетін «Саламат» пойызы келеді.

Мектеп және медициналық мекеме мамандармен түгелдей қамтылған, округте «Қазпошта» бөлімі жұмыс істейді, сондай-ақ «Қазақтелеком» 400 нөмірге қызмет көрсетеді, оның ішінде 26 нөмір кәсіпорындарда, 374 жеке тұлғаларда. «Мегалайн» Интернет желісі жұмыс істейді.

Республикалық «Ақ бұлақ» бағдарламасы бойынша Коростели ауылында ішкі кенттік су құбырының жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

«Билайн», «Актив» ұялы байланыстары бар. Сонымен қатар, 2014 жылы Қазақстандық 13 цифрлік теле мұнара орнатылып қолдануға тапсырылды.

Барлық елді мекендер толықтай электрмен жабдықталған, Бородулиха аудандық АЭС ескі электр бағандарын жаңа бағандарға толықтай ауыстырды.Жергілікті бюджеттен жөндеуге 38 шамды жарықтандыруға сомасы 1 млн. 128 мың теңге құрайтын қаражат бөлінген.Округте ҚТҚ мен бекарий құдығы бар. Округті көріктендіру және санитарлық тазартуға да қаражат бөлінген. Ауыл-Коростели жолдары жөндеуден өткізілді. Ауыл-Коростели, Тарск-Коростели жолдарына құм-тас себу үшін 350 мың теңге, Коростели – Ауыл стансасы жолдарын жамау жұмыстарына 500 мың теңге бөлінді. Қыс уақытында Коростели – Тарск, Ауыл-Коростели жолдарының тазартылуына 1 млн. 183 мың теңге бөлінген. Қол қойылған меморандумға сәйкес «Коростелевское» ЖШС қысқы кезеңде ауыл аралық жолдарды қалпына келтіріп отырады. Округте көшелер мен айналаны тазарту үшін үнемі сенбіліктер өткізіліп тұрады. 2014 жылы жергілікті халықтан жиналған салық– 1 млн. 447 504 теңгені құрады.

Округте ауылдық клуб бар. Толық жабдықталған. 2015 жылы жылу жүйесі мен шатырды күрделі жөндеуден өткізу жоспарлануда. Жоспарланған шығын 10 млн. теңгені құрайды.

Округте «жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы жүзеге асырылуда. 2014 жылы бұл бағдарлама бойынша 7 адам жұмысқа орналастырылды. Әлеуметтік жұмыс орнына – 4 адам орналастырылды. Ауыл шаруашылығын дамыту үшін 3 адам 3 млн. теңгеден несие алды. Жалпы сомасы 9 млн. теңгеге – 30 бас іріқара мал алынды, 4 жұмыс орны құрылды. Ауылдық әкімдіктің барлық жұмыстары ауыл белсенділерімен, қоғамдық ұйымдармен және ауылдық округтегі ұйымдардың жетекшілерімен бірге өткізіледі.

Қымбатты ауыл тұрғындары, мен өз есеп беруімді Қазақстан халқына «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты Президент Жолдауынан, Ұлт Көшбасшымыздың сөздерімен аяқтағым келеді: «Біз жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек. Жалпыұлттық идеяны өміршең ететін – Елдің бірлігі. Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз – Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз...»

В.А. ЧУВАТКИН, Бақы ауылдық округінің әкімі

БОКС ЖАРЫСЫ



Ағымдағы жылдың 8-11 қаңтар аралығында Өскемен қаласында бокстан 2001 - 2002 жылы туылған жасөспірімдер арасында Жекпе-

жек бойынша ШҚО БЖСМ-нің ашық біріншілігі өтті. Бұл жарысқа ШҚО ең мықты деген жас боксшылары қатысты. Бородулиха ауданынан Ерболат Сулейменов және Қасым Оразбаевтің бокстан БЖСМ-нің боксшылары рингке шықты. 32 кг салмақ дәрежесі бойынша өнер көрсеткен Кайратов Манат өз қарсыластарының барлығынан басым түсіп турнир жеңімпазы атанды. Төрешілер алқасының шешімімен Манат «Ең үздік боксшы» деген номинация бойынша арнайы кубокпен марапатталды. Манатқа алдағы үлкен облыстық жарыстарда жеңіс тілейміз.

Ә.Бозаев, БЖСМ ОІМ



ТҰРҒЫНДАР АЛДЫНДАҒЫ

ПЕТРОПАВЛОВКА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2014 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

2013 жылғы 15 тамыздағы Қазақстан Республикасы Президентінің № 615 Жарлығына сәйкес барлық деңгейдегі әкімдер халықпен есептік кездесулер өткізеді, оның барысында елдегі реформаларды жүзеге асыру, есептік кезеңде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің әлеуметтік-экономикалық дамуы, олардың негізгі даму міндеті мен мақсаты туралы ақпарат береді. Ауылдық округ әкімдері тоқсандықтың бірінші айында бір рет есеп береді.

«Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы Петропавловка ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі қызметін Қазақстан Республикасының «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару» Заңын, Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығына, жергілікті мемлекеттік органдардың жұмысын реттеу үшін өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сонымен қатар, ауылдық округтің жұмыс жоспарын орындау үшін жүзеге асырады. Мемлекет Басшысы атап кеткендей, жергілікті орындаушы органдардың қызметіне әділ баға беру үшін осылай кері байланыс орнатылады.

11 қараша күні мемлекет Басшысы Қазақстан халқына Жолдау жариялады. Жолдауда Н.А.Назарбаев мемлекет және қоғамның келесі жылға тұрақты дамуына Қазақстанның жаңа экономикалық саясатын белгіледі. «Нұрлы жол» атты жаңа экономикалық саясат, ең алдымен республикамыздың әлеуметтік жетістіктерді сақтауын қамтамасыз етеді. Қазақстан экономикасының дамуы үшін жаңа ішкі тәуекелдерін есепке ала отырып, Президентіміз нақты және сеніммен іскерлік белсенділікпен және жұмыспен қамтылуды ынталандыру үшін барлық жаңа бастамаларын ерекшеледі. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында көлік-құралдары, энергетика, индустриалдық және әлеуметтік инфрақұрылымдар, су тораптары мен жылумен жабдықтау, тұрғын-үй инфрақұрылымын нығайту, кіші және орта бизнесті қолдауға бағытталған инфрақұрылымдық даму жоспары көрсетілген.

Петропавловка ауылдық округіне 4 елді-мекен кіреді: Петропавловка ауылы, Мещанка ауылы, Изатулла ауылы, Воскресеновка ауылы. Петропавловка ауылдық округі тұрғындарының саны 2014 жылдың 1-ші қаңтарына - 1340 адамды құрайды. Петропавловка ауылында - 1212 адам тіркелген, Изатулла ауылында - 52 адам, Мещанка ауылында - 61 адам және Воскресеновка ауылында - 15 адам. Петропавловка ауылдық округінде әр-түрлі ұлттар тұрады, солардың ішінде: қазақтар - 574, орыстар - 459, немістер-199, татарлар - 41, шешендер-39, украиндер-11, белорустер-7 және басқа ұлттар-10. Петропавловка ауылдық округінде «Нұр Отан» партиясының ұйымы жұмыс жасайды, оның құрамына 47 адам кіреді.

Азаматтардың арыздарын қарау «Жеке және заңды тұлғалардың үндеулерін қарау тәртібі туралы» Заңды орындап және жұмыс регламентін қолданып, округ әкімі жұма сайын азаматтарды қабылдайды (әрбір дүйсенбі 9-18 дейін, түсте 13-14 – ке дейін).

2014 жылдың 12 ай ішінде 54 арыз түсті, соның ішінде жеке тұлғалардан-46, заңды тұлғалардан-8, Әкімнің жеке қабылдауында жылдың басынан қаралған арыздар саны -16.

2014 жылы 30 бала дүниеге келді, 6 адам қайтыс болды. Өлімге қарағанда, туу көрсеткіші 5 есе көп. 2014 жылдың 1 қаңтарына ауыл тұрғындарының саны 1340 адам, бұл көрсеткіш былтырғы жылмен салыстырғанда 29 адамға көп.

Петропавловка ауылдық округінде аз қамтылған азаматтардың саны азайды,

Бала туу көрсеткішінің жоғары болу себебінен, балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақы алушылар саны көбейді. 2011 жылмен салыстырғанда мемлекеттік

атаулы әлеуметтік көмек алушылардың саны екі есе азайды; 18 отбасына тұрғын-үй көмегі көрсетілді.

Әлеуметтік, медициналық көмекке мұқтаж мүгедектерге ерекше көңіл бөлінеді. Азаматтарға арнайы әлеуметтік қызмет көрсетіледі, 3 адамға үйлерінде қызмет көрсетіледі.

Жұмыспен қамту «Жұмыспен қамту -2020» бағдарламасы шегінде ауыл тұрғындарына ерекше көңіл бөлінеді.

2014 жылы Мещанка ауылында аудан бойынша 13 адамнан құрылған ең ірі көкөніс өсіретін бригада жұмыс істеді. Оларға «Труд» шаруа қожалығының басшысы А.П.Лехнер көмектесті. Ол картоп отырғызуға жер бөліп және оны жыртуға көмектесті. Жаңадан құрылған жұмыспен қамту орталығы және аудандық жұмыспен қамту бөлімі оқуға және қайта оқуға жіберу үшін ай сайын бос жүрген мектеп түлектері мен жастардың тізімін жаңартып отырады.

Білім Ауылдық округте «Т.Аманов атындағы орта мектеп» ММ орналасқан. Аталған 1972 жылы 480 орынға салынған. Оқыту орыс және қазақ тілдерінде жүргізіледі. 2010 жылы шағын орталық ашылды. Мектепке дейінгі дайындық тобында – 20, кіші орталықта – 25 бала бар. 2014-2015 жылға мектеп толық педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілді.

Денсаулық сақтау. 2014 жылда округ халқының денсаулық көрсеткіштерінің он серпіні, әлеуметтік-маңызды көрсеткіштердің жақсаруы байқалады. 2014 жылы бала туу көрсеткіші – 34 бала. Өлім көрсеткіші- 8 адам.

Қан айналым ауруының ерте анықтау себебімен 2014 жылы жоспарланған 240 адам тексеруден өтті, ол 100% құрады, оның ішінде 27 ауру анықталды, 11-жаңадан анықталды, 82 адам «Д» есебінде. Осы деңгейдегі ауруларға жеңілдікпен дәрі-дәрмек алады.

Өкпе ауруымен ауыратындарға әлеуметтік көмек көрсетіледі. Дәрігерлік амбулатория ішінен округ тұрғындарын дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ететін дәріхана ашылды.

Өсімдік шаруашылығы. Петропавловка ауылдық округі бойынша ауыл шаруашылық алқаптың көлемі 31334,4 га құрайды. Соның ішінде 30619 га егістік. 43 шаруа қожалығы бар, ҚС-7, ЖШС-1. Жұмысшылардың саны 206 адам. Орташа айлық жалақы 40 мың теңге. Жыл сайын ауылшаруашылық техника жаңарып отырады. Кіші шаруа қожалықтары ірілендіріліп, жерлері ірі шаруа қожалықтарына қосылды.

2014 жылға егістік алаң құрылымы Орта астық тұқымдарының өнімі гектарынан 12 ц алынды. Арпа -9, бидай -14, қарақұмық -10, сұлы -9. Жыл сайын егін өнімдері өнімділікті өсіру үшін дымқылды сақтайтын технология енгізуге, сонымен қатар жоғары өнімді шет елдер техникасын пайдалану, минералдық және гербицид тынайтықштарды қолдану себептерімен өсіп келеді. Шаруа қожалықтар 2014 жылы 286 млн 860 мың теңге сомасында техника сатып алды. 2013 жылмен салыстырғанда 2014 жылы күнбағыс өнімдері гектардан 0,4 ц төмендеді.

2013 жылмен салыстырғанда егін өнімдері 2014 жылы гектардан 3,5ц төмендеді, 2012 жылмен салыстырғанда 2013 жылы гектардан 3,5ц өсті.

Мал шаруашылығы.

2014 жылы «Василек» шаруа қожалығы 2600000 мың теңгеге қазақи ақбасты тұқымды 15 тайынша сатып алды. Петропавловка ауылдық округі мал шаруашылығының негізгі параметрлері: 01.01. 2015 жылы мал басының барлығы: ІҚМ- 3158 бас, о.і. сиыр- 1413 бас, шошқа-1724 бас, жылқы-343 бас, КҚМ-3540 бас, құс-4680 бас. 2014 жылы мал шаруашылық саласында барлық шаруашылықтарда-560 тонна ет өндірілді, сүт-3100 тонна, жұмыртқа-410 дана және 6,3 тонна

жүн қыркылды.

Ауыл шаруашылық малдардың екі иесі мал басын көбейтуге және «Жұмыспен қамту 2020» бағдарламасы бойынша жаңа жұмыс орнын құру үшін 6 млн теңге сомасында жеңілдік несие алды.

Кәсіпкерлік. Біздің округте қазір 7 жеке кәсіпкер жұмыс істейді, олардың ішінде 5 дүкен және 2 кәсіпорын өндіруші. Петропавловка ауылының тұрғыны Оспанов Арман сүт өнімін жинау және салқындату пунктін ашу үшін шағын несие алуға өтінім берді. Өтінім қарастырылып жатыр.

Салық Петропавловка ауылдық округі бойынша 2014 жылы жер салығы- 24823 теңге құрады, орындалу - 103%. Жерді жалға алу үшін төлемақы- 585141 теңге, орындалу – 100%. Мүлікке салық-48651 теңге, орындалу-115%. Көлік құралдарына салық - 3 млн.505 мың теңге.

ТҮКШ 2014 жылы ауылдық округте 200 ағаш көшеттері отырғызылды, 17 км көше мен жолдар абаттандырылды, қыс мерзімінде көшелер қардан үнемі тазаланып тұрады, көктем уақытында шаруа қожалықтары күшімен су жүргізетін құбырларды қардан тазалайды және су қоймалардың бөгетін бекітеді. Округте үнемі көшені және үйлердің маңайын қоқыстан тазалау бойынша сенбіліктер өткізіледі. Петропавловка ауылында үйлерге жеке су шығынын санайтын санағыштар орнату жұмысы аяқталды. Петропавловка мен Изатулла ауылдарында көше жарығына 47 шам орнатылды. 2014 жылы оларға қызметті «Бей-секе» фирмасы көрсетті. Беккари типтік шұңқыры, мал сою алаңы жұмыс істеп тұр. « Витязь» ШҚ 2014 жылы ауыл ішіндегі 2 км жолды ұсақ таспен тегістеді.

Байланыс. Округте «Мегалайн» интернет және 50 абонент сымсыз телефон жұмыс істеп тұр, «Актив», «Билайн» мобильдік байланысы қызмет жасайды. 2014 жылдан «Теле-2» мобильдік байланысы пайдалануға кіргізілді.

Спорт. Барлық спорттық іс-шаралар өтеді, олардың ішінде волейбол, баскетболдан үйірмелер жұмыс жасайды. Тұңғыш Президент күніне баскетболдан ерлер арасында турнир өтті. Тәуелсіздік күніне орай, округ әкімінің кубогына волейболдан турнир өтті, бұл шараға аудан ауылдарынан командалар қатысты. Барлық іс-шаралар «Ақсақал» шекара заставасымен бірігіп өткізіледі, іс-шаралар Т.Аманов атындағы орта мектеп спорт залында өтеді.

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі. 2014 жылы кәсіпкерлік объектілерімен 1 млн. 785 мың теңге сомасында 5 меморандум құрылды, 2 млн. 94 мың. теңге сомасында міндеттеме орындалды, дамуға арналған бір меморандум 3 млн.теңге көлемінде, 300 мың.теңге өндірілді, қалған сома 2015 жылға көшірілді. Су тасқыны қауіпсіздігі кезінде, төтенше жағдай, өрттер кезінде, округтегі ірі шаруа қожалықтар әрқашан техникамен, жұмысшылармен көмектеседі.

Магистральдық су құбыры жарылысы кезінде ірі шаруа қожалықтар әрқашан жөндеуге техникамен қамтамасыз етеді және ауыл тұрғындарына су тасиды. «Юпитер» ш\қ мен «Базадзе» ЖК балаларға арналған ойын алаңы құрылысына дайындалып жатқан сметалық жоба құжаттарына 50 мың.теңге бөлдi.

Қоғамдық қауіпсіздік. 2014 жылы барлығы үш қылмыс тіркелді, оның ішінде Қазақстан Республикасының Занының 175 бабы бөтен мүлікті ұрлау бойынша-2 қылмыс, біреуі ашылған жоқ, Қазақстан Республикасының Занының 120 бабы, зорлау бойынша 1 қылмыс, ашылды.

Ш.АБДИЛОВ, Петропавловка ауылдық округінің әкімі

НОВОПОКРОВКА АУЫЛЫНЫҢ АУЫЛДЫҚ КЛУБЫ ӨЗІНІҢ ЕСІГІН АШТЫ

Новопокровка ауылының ауылдық клубы Новопокровка ауылдық округінің тұрғындары үшін өзінің есігін ашты. Ең алғашқы іс-шара өтіп бара жатқан 2014 жылдың 31 желтоқсанында өткізілді. Ауылдық клубтың залында жаңа жылды қарсы алуға 6 сағат қалғанда Жаңа жылдық бал-маскарадқа округ тұрғындары жиналды. Сұлу шырша, Аяз ата мен

Қарша қыз, карнавалдық костюмдер, сыйлықтар, билер, өлендер, лоторея ойнатуы - осының барлығы жаңа жылдық бағдарламаға енгізілді.

Ал, алғашқы сенбілік күндерде ауыл жастарына арналған би кештері өтті. Жастар би кештерінде округтің 2 мектебінің жоғарғы сынып оқушылары, осы оқиғаға ерекше қуанған, демалысқа келген

студенттер және ауылда жұмыс істейтін жастар жиналды. Егер мектеп оқушыларының мектеп би кештеріне баруға мүмкіндіктері болса, ал демалыс күндеріне келген студенттер мен жұмыс істейтін жастардың кешкілікте барар жерлері болмайтын. Келешекте округ тұрғындарының жалпы санынан 20% құрайтын округ жастары үшін апта сайынғы би кештерін өткізу жоспарланып отыр. Ауылдық клуб жас тұрғындар үшін, олар тек билеп қана қоймай, сонымен қоса басқа да іс-шараларды өткізе алатын мәдени орынға айналуы тиіс. Біз, Новопокровка ауылдық округінің креативтік жастарынан жаңа идеялар мен ниеттерді күтеміз.

А. ОРДЫБАЕВА, Клуб меңгерушісі

Әкім есептері

ЗУБАИР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2014 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

Ауылдық округте 3 елді мекен бар, олар Зубаир, Байтанат және Жаңааул. Жалпы округ тұрғындарының саны - 523 адам. Жұмыстың ең негізгі бағыттарының бірі - ауылшаруашылық құрылымдарымен жұмыс. Ауылдық округте барлығы 48 шаруа қожалығы тіркелген. 2014 жылы ауыл шаруашылық құрылымдары барлығы 13066 гектарға егістік екті, бұл 2013 жылмен салыстырғанда 228 гектарға артық. 2014 жылы 4465 га бидай, 136 га арпа, 373 га қарақұмық, 7338 га күнбағыс егілді. Ауылдық аймақта 141 аула бар, биыл 2785 центнер ет өндірілді, 9850 ц сүт өндірілді, былтырғы жылмен салыстырғанда ірі қара мал саны 3 басқа, қой 98 басқа, жылқы 16 басқа артты.

Ауылдық әкімдік бойынша бюджеттік бағдарлама 100% орындалды. Жергілікті салық түрлерінен биылғы жылғы жоспар 100% пайызға орындалды. Байтанат ауылында аудандық бюджет қорынан 3000000 тенгеге ауыз суды тазартатын қондырғы орнатылды.

Жыл бойы ауыл тұрғындары арасында мәдени көпшілік жұмыстары өткізіліп тұрды. Ұлы Жеңістің 69 жылдығы атап өтілді, 1 маусым балаларды қорғау күні мерекесі өкізілді, «Мектепке жол» бағдарламасы бойынша оқушыларға оқу-құралдары алынды, «Қарттарым, аман-сау жүрші» атты қарттар күніне арналған іс-шара өткізілді, мектеп оқушыларының «Шырша тойы» және ауылдық мектепке дейінгі балаларға арналған «Шырша тойы» ертеңгілігі мен ауыл жастарына арналған шырша мерекесі атап өткізілді. Осы шараларды өткізуге аудандық мәслихаттың депутаты Ю.Г.Ковязин, «Сұлтан» шаруа қожалығының жетекшісі Ғ.К.Мендекеев, «Мирас» Е.Ж.Тютенов, «Күзембай» Р.К.Мендекеев, «Шугыла» Ф.С.Курманғалиев, «Даут» Ж.Х. Ягуфаров, «Ердос» Е. Керімбаев, «Едил» Еділ Тютенов, «Елдар» С.Н. Керімбаев, «Түлеубек» Т.С. Шаймарданов, «Канат» К.М. Мұхаметғалиев, ЖК «Б.С. Ерубаева», ЖК «Суюндукова», ЖК «Р.З. Мендекеев», ақсақалдар алқасы, әйелдер кеңесі және жастар ұйымы демеушілік жасап, шараларды ұйымдастыру бойынша көмек көрсетті.

Ауылдық аймақта 2 мектеп жұмыс істейді. Зубаир орта мектебі, Байтанат бастауыш мектебі. Мектепке оқушыларды көрші Петропавловка, Байтанат ауылдарынан 2 автобуспен тасып оқыту ұйымдастырылған.

Ауылдық округ аумағында 2 фельдшерлік пункт, 3 дүкен, ауылдық кітапхана халыққа қызмет көрсетеді.

Округте көктемгі және күзгі ветеринарлық мал дәрігерлік мал егу шаралары жүргізілді, малдарға таңба салынып, олар туралы мәлімет «Идентификация» компьютерлік бағдарламасына енгізіліп отырады.

2007 жылдан бері ауылдық аймақтың тұрғындарына «Қазпошта» АҚ Бородулиха аудандық пошта байланыс бөлімінің жылжымалы автокөлігі келіп байланыс қызметтерін көрсетіп отырады.

Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны ай сайын көп бала тәрбиелеп өсіріп отырған 22 ана алады.

Аудандық жұмыспен қамту бөлімінен берілген несиеге ауыл тұрғыны В.К.Оспанова жеке кәсіпкер ретінде наубайхана ашуға ниеттеніп жұмыстар жүргізіп жатыр.

«Семей жолдары» ұйымы Байтанат ауылынан Петропавловка ауылына дейінгі аралықтағы жолдарға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуде.

Ауылдық аймақ бойынша бүгінгі күні әлі шешімін таппай отырған мәселелер – Зубаир ауылында ауыл ішінде су құбырын өткізу, Жаңааул ауылында ауыз су тапшылығы. Осы мәселелерді шешу ауылдық округ әкімінің 2015 жылғы жұмыстарының негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

О.ЕСЕНЖОЛОВ, Зубаир ауылдық округ әкімі

НОВОДВОРОВКА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2014 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

Округ құрамына 4 елді мекен кіреді: Ивановка ауылы, Сосновка ауылы, Березовка подхозы, Березовка шипажайы. Березовка шипажайында тұрғындардың жалпы саны 1289 адам (3 адам ауған). Өткен кезеңде әлеуметтік-экономикалық дамудың барлық салаларында белгілі бір жетістіктерге қол жеткізілді, оның ішінде:

